

"Металлургия" саласындағы біліктіліктердің салалық шеңберін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2014 жылғы 6 наурыздағы № 65 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 сәуірде № 9327 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 629 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.05.2015 № 629 бұйрығымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 138-4 бабы 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Металлургия» саласындағы біліктіліктердің салалық шеңбері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (Б.Ә. Қасымбеков) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін
атқарушы *А. Рау*
Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар
министрінің міндетін атқарушының
2014 жылғы 06 наурыздағы
№ 65 бұйрығымен бекітілген

«Металлургия» саласындағы салалық біліктілік шеңбері

1. Жалпы ережелер

1. «Металлургия» саласындағы салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) сегіз біліктілік деңгейін қамтиды, бұл Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 373-ө-м және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 444 бірлескен бұйрығымен бекітілген Ұлттық біліктілік шеңберіне (бұдан әрі – ҰБШ) сәйкес келеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8022 болып тіркелді, «Казахстанская правда» газетінде 2012 жылғы 24 қарашада № 408-409 (27227-27228) жарияланған).

2. СБШ біліктілік деңгейлерінің бірыңғай шәкілін айқындайды, біліктіліктің салыстырмалылығын қамтамасыз етеді және кәсіби стандарттар үшін және металлургия саласындағы мамандар біліктілігінің сәйкестігін растау және оны беру жүйесі үшін негіз болып табылады.

3. СБШ пайдаланушылардың түрлі топтарына (жұмыс беруші, білім беру органдары, азаматтар) арналған және:

1) кәсіптік және білім беру стандарттарын әзірлеу кезінде барлық білім беру деңгейінің мамандары мен түлектердің біліктіліктеріне қойылатын талаптарды бірыңғай ұстанымдармен сипаттауға;

2) металлургия саласындағы мамандардың және білім берудің барлық деңгейлері түлектерінің біліктіліктерінің сәйкестігін растау мен оларды берудің бағалау материалдарын және рәсімдерін әзірлеуге;

3) тиісті біліктілікті меңгеруге жеткізетін мансаптық өсуді, біліктілік деңгейін арттыруды жоспарлауға мүмкіндік береді.

4. СБШ-да пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) білім – оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілердің, қағидаттардың, теория мен практиканың жиынтығы, біліктіліктің бағалануға тартылуы тиіс бөлігі;

2) ҰБШ – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдалған с и п а т т а у ;

3) ұлттық біліктілік жүйесі – мамандардың біліктілігіне еңбек нарығы тарапынан сұраныс пен ұсыныстарды құқықтық және институциялық реттеу т е т і к т е р і н і ң ж и ы н т ы ғы ;

4) тәжірибе – саналы қызмет, белгілі бір уақыт аралығында меңгерілген және тиімді пайдаланыла алатын білім мен дағдылар;

5) СБШ – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан

с и п а т т а у ;

б) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

7) икем – қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу (логикалық, интуициялық, шығармашылық және практикалық ойлауды қолдану) мақсатында білімді қолдану және құзыреттілік таныту қабілеттері.

5. СБШ-ның міндеті кәсіптік стандарттарды одан әрі әзірлеу үшін металлургия өнеркәсібі салаларының қолданыстағы және перспективалы технологияларын ескере отырып, қызметкерлердің функциялық мінез-құлқына, икеміне, дағдыларына және біліміне қойылатын талаптарды айқындау болып т а б ы л а д ы .

6. Саланың өнімді жасау мен іске асырудың қолданыстағы және перспективалы технологияларын қолданумен байланысты негізгі өндірістік м і н д е т т е р і :

1) нормативтік – техникалық құжаттама әзірлеу;

2) өндіріс құралдарын жетілдіру және дайындау;

3) энергия үнемдейтін және «жасыл» технологиялар мен материалдарды п а й д а л а н у ;

4) өнімді өндіру және өткізу.

7. С Б Ш м ы н а д а й :

1) ҰБШ біліктілік деңгейлерінің қолданылатын және перспективалы технологияларды ескере отырып, жұмыскердің құзыреттеріне, білімдеріне, икеміне және дағдыларына қойылатын талаптарын нақтылау;

2) СБШ-ның төменгі біліктілік деңгейлерінен жоғары деңгейлерге ауысқан кездегі талаптардың сабақтастығы;

3) металлургия өнеркәсібі жұмыскерлерінің құзыреттеріне, білімдеріне, икеміне және дағдыларына қойылатын талаптар сипаттамасының бірмағыналылығы, қисындылығы және қысқалылығы;

4) СБШ-ның металлургия өнеркәсібіндегі барлық кәсіптік қызметтер салаларына қойылатын үлгілік талаптарының әмбебаптылығы, қолайлығы;

5) жұмыскерлердің біліктілік деңгейін арттыруды ынталандыру қағидаттары ескеріле отырып әзірленді.

8. СБШ, СБШ-ға 1-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша ресімделген шеңберлік конструкцияны білдіреді.

СБШ кәсіптік қызметтің жалпы сипаттамаларының әрбір біліктілік деңгейіне арналған сипаттаудан тұрады, атап айтқанда:

1) тұлғалық және кәсіптік құзыреттер – бұл көрсеткіш жұмыскердің жалпы құзыретін айқындайды және оның мынадай үш негізгі көрініс беру дәрежесі бар:

басшылықтың қол астындағы қызмет;
өзіндік атқарушылық қызмет;
басқаларға басшылық ету.

2) білім – бұл көрсеткіш кешенді болып табылады және білімге қойылатын талаптарды айқындайды, кәсіптік қызметтің мынадай ерекшеліктеріне байланысты болады:

пайдаланатын ақпараттың көлемі мен күрделілігі;
білімнің инновациялылығы;

олардың абстрактілік дәрежесі (теориялық және практикалық білімінің ара-қатынасы);

оның көрініс беру (біліктіліктің бір деңгейінен басқасына ауысу) дәрежесі көрсеткіштердің құрамдас бөліктерінің бірінің (кез – келгенінің), екеуінің де немесе үшеуінің өзгеруіне байланысты.

3) икем және дағды – бұл көрсеткіш кешенді болып табылады және біліктілікке қойылатын талаптарды айқындайды, кәсіптік қызметтің мынадай ерекшеліктеріне байланысты болады:

кәсіптік міндеттерді шешу тәсілдерінің көптігі (өзгергіштігі), осы тәсілдерді таңдау немесе әзірлеу қажеттілігі;

жұмыс жағдайының белгісіздік және оның дамуының беймәлімдігі дәрежесі;

оның көрініс беру (біліктіліктің бір деңгейінен басқасына ауысу) дәрежесі көрсеткіштердің құрамдас бөліктерінің бірінің (кез–келгенінің) немесе екеуінің де өзгеруіне байланысты.

Өкілеттік пен жауапкершіліктің кеңдігі қызмет ауқымына, ықтимал қателіктің ұйым, сала үшін бағасына, олардың әлеуметтік, экологиялық, экономикалық және басқа да салдарларына, сондай-ақ кәсіптік қызметте басшылықтың негізгі функцияларын (мақсатты болжау, ұйымдастыру, бақылау, орындаушыларды ынталандыру) толық іске асыруға байланысты болады.

9. СБШ-да біліктілік деңгейлерін әзірлеудің негізгі қағидаты біліктілік деңгейлерінің төменнен жоғарыға қарай дамуының үздіксіздігі мен сабақтастығы, оларды сипаттау ашықтығы болып табылады.

10. Біліктілік деңгейі белгілі бір білім беру бағдарламасын игеру және/немесе практикалық тәжірибе нәтижесі болып табылады.

Біліктілікті өсіру немесе әрбір деңгейде оның бейінін өзгерту үшін тиісті лицензиялары бар ұйымдарда біліктілігін арттыру және кадрларды қайта даярлау жүйесінің қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту жүргізіледі.

Біліктілік деңгейі практикалық жұмыс тәжірибесін меңгеруіне, өз бетінше білім алуына және оқуына қарай өсуі мүмкін.

Білім беру мен оқытудың әртүрлі нысандарын есепке алу салалық біліктілік жүйелерінің ішінде жүргізілетін болады.

Дербес білім беру траекториясын құру жұмыскердің білімі мен практикалық тәжірибесін, біліктілікті арттыру курстарын ескеру арқылы жүзеге асырылады, бұл біліктілік деңгейлерінің тігінен де, көлденеңінен де ілгерілеуіне мүмкіндік б е р е д і .

Біліктілік деңгейлерінің білім беру және оқытудың ұлттық жүйесі деңгейлерімен ара-қатынасы СБШ-ға 2-қосымшада көрсетілген біліктілікке қол жеткізу көрсеткіші бойынша айқындалады.

«Металлургия» саласындағы салалық біліктілік шеңберіне 1-қосымша

«Металлургия» саласындағы салалық біліктілік шеңберінің құрылымы

Ұлттық біліктілік шеңберінің (ҰБШ) деңгейі	Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) деңгейі	К ә с і б и қ ы з м е т с а л а л ы қ		
		1. Бастапқы және қосалқы материалдарды өндіру	Білігі мен дағдысына қойылатын талаптар	Білуіне қойылатын талаптар
1	1	Дербестігі: міндеттерді орындау барысында өте төмен дербестік деңгейінде толық басшылық жасалатын жұмыс. Жауапкершілігі: жұмыстардың орындалуы, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі үшін. Күрделілігі: нұсқаулық бойынша жұмыс істеу.	Білігі мен дағдысына қойылатын талаптар Бір үлгідегі жеңіл практикалық тапсырмаларды орындайды, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқара білу дағдыларын көрсетеді.	Еңбек пәні, оны өзге процестері және тиіс орындаушылық әрекетті топтамасы туралы базалық Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.
2	2	Дербестігі: белгілі жағдайларда белгілі бір дербестігі бар, басшылық жасалатын жұмыс; басшылық жасап оқыту. Жауапкершілігі: қарапайым тапсырмалардың орындалу нәтижелері, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы, бастапқы және қосалқы материалдарды өндіру кезінде аз салмақты жұмыстардың орындалуы үшін. Күрделілігі: қарапайым бір үлгідегі міндеттерді орындау.	Жеңіл практикалық тапсырмаларды орындайды, қарапайым өндірістік жағдайларда өз іс-қимылдарын бақылау және түзету дағдыларын көрсетеді.	Еңбек пәні, қарапайым үлгі міндеттерді орындау кезіндегі нәтижелерге қол жеткізу құралдары мен тәсілдері туралы базалық білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.
		Дербестігі: бір үлгідегі жағдайларда және кәсіптік қызметтердің басшылық		

3	3	<p>жасалатын күрделі жағдайларында дербес жұмыстарды жүзеге асыру, оқытуды өз бетінше ұйымдастыру.</p> <p>Жауапкершілігі: жұмыстардың орындалу нәтижесі, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы, бастапқы және қосалқы материалдарды өндіру кезінде орта салмақты жұмыстардың орындалуы үшін.</p> <p>Күрделілігі: бір үлгідегі практикалық тапсырмаларды орындау; білім және практикалық тәжірибе негізінде әрекет ету тәсілін таңдай білу.</p>	<p>Стандартты практикалық тапсырмаларды орындайды, жоспарлау, қойылған міндеттерді орындау тәсілдерін таңдай білу, қызмет көрсетілетін жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, оны жөндеу жұмысына қатысу дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Еңбек пәнін өзгертіс технологиялары, еңбек технологиялық процесс негіз жоспарлау мен ұйымдасты қолданылатын жабдықт құрылысы, жұмыс іст қағидаттары, материалдар түрлері мен пайдаланылу ма туралы білім. Қауіпсіздік еңбекті қорғау жөнінд қағидаларды білу.</p>
4	4	<p>Дербестігі: бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру б о й ы н ш а орындаушылық-басқарушылық қ ы з м е т .</p> <p>Жауапкершілігі: нормалардың іске асырылуы кезіндегі нәтиже, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы, бастапқы және қосалқы материалдарды өндіру кезінде ауыр салмақты жұмыстардың орындалуы үшін.</p> <p>Күрделілігі: жұмыс жағдайын өз бетінше талдауды талап ететін әр түрлі үлгідегі практикалық міндеттерді шешу.</p>	<p>Алынған тапсырмаларды нақтылайды, бағыныштылардың міндеттерін белгілейді, қызметтерінің нәтижесін бағалайды, білім және дағдылардың жетіспеуін анықтайды, қызметкерлерді кәсіпқойлығын жоғарылатуға ынталандырады, технологиялық процесті жүргізуге қатысады.</p>	<p>Кәсіби міндеттерді белгілеу шешу амалдары, қағидат және тәсілдері, қарым-қат этикасы мен психологиясы, уәждемесі және еңбек ынталандыру тәсілдер технологиялық процес негіздері, қолданылаты жабдықтың құрылысы, жұ істеу қағидаттары, материалдардың түрлері қолданылу мақсаты туралы Қауіпсіздік және еңбекті қ жөніндегі қағидаларды білу.</p>
5	5	<p>Дербестігі: кәсіпорын қызметінің технологиялық процесс учаскесі мен стратегиясы шегіндегі басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: өз еңбегін бағалау және жетілдіру, өзі оқу және басқаларды оқыту, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының</p>	<p>Тапсырысты түсіну, жағдайды және өзінің іс-қимылдарын талдау, шешім қабылдау және оларды іске асыруға жағдай жасау, командалық жұмыс, басқарушылық және орындаушылық кәсіпқойлықты жоғарылату тұрғысынан қызметті бақылау және түзету, қызмет</p>	<p>Кәсіби жағдайларды жүй талдау және жобалау әдісна басқарушылық шешімде қабылдау тәсілдері, ұжым ұжымдық құрылым, технологиялық процес пайдаланылатын материалд қасиеттері туралы біл</p>

		орындалуы, өндірістік және технологиялық процестердің орындалуы үшін. Күрделілігі: әр түрлі өзгермелі жұмыс жағдайында шешім табу тәсілдерін тандап алу негізінде практикалық міндеттерді шешу.	көрсетілетін жабдықтың жай-күйін және материалдарды, құрал-сайманды, қорғану құралдарын ұтымды пайдалану дағдыларын көрсетеді.	Қолданылатын жабдықтың құрылысы мен пайдалану қағидалары. Қауіпсіздік : еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.
6	6	Дербестігі: жұмыстар жөнінде басқа учаскелермен келісім жасауды болжайтын, кәсіпорын қызметтерінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыруға жауапкершілігі. Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерінің әр түрлілігін болжайтын міндеттерді шешуге бағытталған қызметтер	Белгісіздігі жоғары элеуметтік және кәсіби жағдайларда жобалау және шешім қабылдау, өзін-өзі басқару мәдениеті, коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарастарды келісу, нәтижелерді ресімдеу және олармен таныстыру, қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды пайдалану дағдыларын көрсетеді, жабдықты дайындау мен жүктеуді басқару, жабдықтың жай-күйін және шикізат пен материалдардың ұтымды пайдаланылуын, электр энергиясының шығындалуын бақылау дағдыларын көрсетеді.	Әлеуметтік және кәсіби күш жағдайларда бірлесіп талдау жобалау және шешім қабылдау әдіснамасы, коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарастарды келісу талдамалық және жоба құжаттаманы ресімдеу және таныстыру тәсілдері технологиялық процестерді материалдардың қасиеттері қолданылу мақсаттары, жаңа жұмысының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері, мемлекет стандарттары туралы білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.
7	7	Дербестігі: сала құрылымын жұмыс істету және дамыту стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет. Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыруға жауапкершілігі. Күрделілігі: даму мәселелерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді қолдануды көздейтін қызмет.	Міндет пен проблемаларды қою, инновациялық тәсілдерді, тұжырымдама жасау және қызмет стратегиясы әдістерін қолдана отырып, оларды жүйелі түрде шешу дағдыларын көрсетеді.	Тұжырымдаманы, стратегияны қызметтің функционалдық модельдерін құру әдіснамасын кадрларды даярлау саласын акмеологиялық әдістерді қолданып, міндеттер мен проблемаларды қою мен шешу түрде шешу тәсілдері туралы білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.
		Дербестігі: мемлекеттік ауқымдағы саланың ірі институционалдық құрылымдарына жұмыс істету және дамыту стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет.	Жүйелік және стратегиялық ойлауды, логикалық әдістерді, кәсіби қызмет пен	Қызметтің және өзара іс-қимылдың кооператив жүйелерін құру, макроәлеуметтік және макроэкономикалық

8	8	<p>Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау, әзірлеу және оның нәтижелері.</p> <p>Күрделілігі: даму мәселелерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді қолдануды көздейтін қызмет қызметтер.</p>	<p>өзара іс-қимылдың модельдерін құру мен орындау әдістерін қолдана отырып, өзара тиімді шешімдерді қабылдау дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>жүйелерді үлгілеу және бағамнама туралы білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
Ұлттық біліктілік шеңберінің (ҰБШ) деңгейі	Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) деңгейі	К ә с і б и қ ы з м е т с а л а л ы қ		
		1. Қара және түсті металдар құймасы мен прокатын өндіру		
		Жеке және кәсіби құзыретіне қойылатын талаптар	Білігі мен дағдысына қойылатын талаптар	Білуіне қойылатын талаптар
1	1	<p>Дербестігі: міндеттерді орындау барысында өте төмен дербестік деңгейінде толық басшылық жасалатын жұмыс.</p> <p>Жауапкершілігі: жұмыстардың орындалуы, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі үшін.</p> <p>Күрделілігі: нұсқаулық бойынша жұмыс істеу.</p>	<p>Бір үлгідегі жеңіл практикалық тапсырмаларды орындайды, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқара білу дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Еңбек пәні, оны өзге процестері және тиімді орындаушылық әрекетті топтамасы туралы базалық білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
2	2	<p>Дербестігі: белгілі жағдайларда белгілі бір дербестігі бар, басшылық жасалатын жұмыс; басшылық жасап оқыту.</p> <p>Жауапкершілігі: қарапайым тапсырмалардың орындалу нәтижелері, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы, қара және түсті металдар құймасы мен прокатын өндіру кезінде аз салмақты жұмыстардың орындалуы үшін.</p> <p>Күрделілігі: қарапайым бір үлгідегі міндеттерді орындау.</p>	<p>Жеңіл практикалық тапсырмаларды орындайды, қарапайым өндірістік жағдайларда өз іс-қимылдарын бақылау және түзету дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Еңбек пәні, қарапайым үлгі міндеттерді орындау кезіндегі нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін құралдары мен тәсілдері туралы базалық білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
		<p>Дербестігі: бір үлгідегі жағдайларда және кәсіптік қызметтердің басшылық жасалатын күрделі жағдайларында дербестік жұмыстарды жүзеге асыру,</p>		

3	3	<p>оқытуды өз бетінше ұйымдастыру.</p> <p>Жауапкершілігі: жұмыстардың орындалу нәтижесі, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы, кара және түсті металдар құймасы мен прокатын өндіру кезінде орта салмақты жұмыстардың орындалуы үшін.</p> <p>Күрделілігі: бір үлгідегі практикалық тапсырмаларды орындау; білім және практикалық тәжірибе негізінде әрекет ету тәсілін таңдай білу.</p>	<p>Стандартты практикалық тапсырмаларды орындайды, жоспарлау, қойылған міндеттерді орындау тәсілдерін таңдай білу, қызмет көрсетілетін жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, оны жөндеу жұмысына қатысу дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Еңбек пәнін өзгерту технологиялары, еңбек технологиялық процесс негіз жоспарлау мен ұйымдастыру қолданылатын жабдық құрылысы, жұмыс істеу қағидаттары, материалдар түрлері мен пайдаланылу мақсаты туралы білім. Қауіпсіздік еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
4	4	<p>Дербестігі: бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: нормалардың іске асырылуы кезіндегі нәтиже, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы, кара және түсті металдар құймасы мен прокатын өндіру кезінде ауыр салмақты жұмыстардың орындалуы үшін.</p> <p>Күрделілігі: жұмыс жағдайын өз бетінше талдауды талап ететін әр түрлі үлгідегі практикалық міндеттерді шешу.</p>	<p>Алынған тапсырмаларды нақтылайды, бағыныштылардың міндеттерін белгілейді, қызметтерінің нәтижесін бағалайды, білім және дағдылардың жетіспеуін анықтайды, қызметкерлерді кәсіпқойлықты жоғарылатуға ынталандырады, технологиялық процесті жүргізуге қатысады.</p>	<p>Кәсіби міндеттерді белгілеу шешу амалдары, қағидат және тәсілдері, қарым-қатынас этикасы мен психологиясы, уәждемесі және еңбек ынталандыру тәсілдер технологиялық процесті негіздері, қолданылатын жабдықтың құрылысы, жүзгізету қағидаттары, материалдардың түрлері қолданылу мақсаты туралы білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
5	5	<p>Дербестігі: кәсіпорын қызметінің технологиялық процесс учаскесі мен стратегиясы шегіндегі басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: өз еңбегін бағалау және жетілдіру, өзі оқу және басқаларды оқыту, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы, өндірістік және технологиялық процестердің</p>	<p>Тапсырысты түсіну, жағдайды және өзінің іс-қимылдарын талдау, шешім қабылдау және оларды іске асыруға жағдай жасау, командалық жұмыс, басқарушылық және орындаушылық кәсіпқойлықты жоғарылату тұрғысынан қызметті бақылау және түзету, қызмет көрсетілетін жабдықтың жай-күйін және</p>	<p>Кәсіби жағдайларды жүйелі талдау және жобалау әдіснамасын басқарушылық шешімде қабылдау тәсілдері, ұжымдық құрылым, технологиялық процесті пайдаланылатын материалдар қасиеттері туралы білім. Қолданылатын жабдық құрылысы мен пайдаланылу мақсаты туралы білім.</p>

		<p>орындалуы үшін. Күрделілігі: әр түрлі өзгермелі жұмыс жағдайында шешім табу тәсілдерін тандап алу негізінде практикалық міндеттерді шешу.</p>	<p>материалдарды, құрал-сайманды, қорғану құралдарын ұтымды пайдалану дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>қағидалары. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөнінде қағидаларды білу.</p>
6	6	<p>Дербестігі: жұмыстар жөнінде басқа учаскелермен келісім жасауды болжайтын, кәсіпорын қызметтерінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыруға жауапкершілігі.</p> <p>Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерінің әр түрлілігін болжайтын міндеттерді шешуге бағытталған қызметтер.</p>	<p>Белгісіздігі жоғары әлеуметтік және кәсіби жағдайларда жобалау және шешім қабылдау, өзін-өзі басқару мәдениеті, коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарастарды келісу, нәтижелерді ресімдеу және олармен таныстыру, қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды пайдалану дағдыларын көрсетеді, жабдықты дайындау мен жүктеуді басқару, жабдықтың жай-күйін және шикізат пен материалдардың ұтымды пайдаланылуын, электр энергиясының шығындалуын бақылау дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Әлеуметтік және кәсіби күш жағдайларда бірлесіп талдау жобалау және шешім қабылдау әдіснамасы, коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарастарды келісу талдамалық және жобалау құжаттаманы ресімдеу және таныстыру тәсілдері, технологиялық процестерді материалдардың қасиеттері қолданылу мақсаттары, жаңа жұмысының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері, мемлекет стандарттары туралы білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
7	7	<p>Дербестігі: сала құрылымын жұмыс істетуге және дамыту стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыруға жауапкершілігі.</p> <p>Күрделілігі: даму мәселелерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді қолдануды көздейтін қызмет.</p>	<p>Міндет пен проблемаларды қою, инновациялық тәсілдерді, тұжырымдама жасау және қызмет стратегиясы әдістерін қолдана отырып, оларды жүйелі түрде шешу дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Тұжырымдаманы, стратегиялық қызметтің функционалдық модельдерін құру әдіснамасын кадрларды даярлау саласын акмеологиялық әдістерді қолданып отырып, міндеттер мен проблемаларды қою мен шешу түрде шешу тәсілдері туралы білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
		<p>Дербестігі: мемлекеттік ақпарат саланың ірі</p>		

8	8	<p>институционалдык құрылымдарына жұмыс істету және дамыту стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау, әзірлеу және оның нәтижелері.</p> <p>Күрделілігі: даму мәселелерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді қолдануды көздейтін қызмет қызметтер.</p>	<p>Жүйелік және стратегиялық ойлауды, логикалық әдістерді, кәсіби қызмет пен өзара іс-қимылдың модельдерін құру мен орындау әдістерін қолдана отырып, өзара тиімді шешімдерді қабылдау дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Қызметтің және өзара іс-қимылдың кооператив жүйелерін құру, макроэконом және макроэкономикалық жүйелерді үлгілеу және басқару әдіснамасы туралы білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
Ұлттық біліктілік шеңберінің (ҰБШ) деңгейі	Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) деңгейі	<p>Кәсіби қызмет</p> <p>1. Механизм мен агрегаттарды қызмет көрсету</p>	<p>Білігі мен дағдысына қойылатын талаптар</p>	<p>салалары: жөндеу және оқу.</p> <p>Білуіне қойылатын талаптар</p>
1	1	<p>Дербестігі: міндеттерді орындау барысында өте төмен дербестік деңгейінде толық басшылық жасалатын жұмыс.</p> <p>Жауапкершілігі: жұмыстардың орындалуы, өз қауіпсіздігі және басқарушының қауіпсіздігі үшін.</p> <p>Күрделілігі: нұсқаулық бойынша жұмыс істеу.</p>	<p>Бір үлгідегі жеңіл практикалық тапсырмаларды орындайды, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқару білу дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Еңбек пәні, оны өзгерту процесстері және тиімді орындаушылық әрекетті топтамасы туралы базалық білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
2	2	<p>Дербестігі: белгілі жағдайларда белгілі бір дербестігі бар, басшылық жасалатын жұмыс; басшылық жасап оқыту.</p> <p>Жауапкершілігі: қарапайым тапсырмалардың орындалу нәтижелері, өз қауіпсіздігі және басқарушының қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы, механизм мен агрегаттарды жөндеу және оларға қызмет көрсету кезінде аз салмақты жұмыстардың орындалуы үшін.</p> <p>Күрделілігі: қарапайым бір үлгідегі міндеттерді орындау.</p>	<p>Жеңіл практикалық тапсырмаларды орындайды, қарапайым өндірістік жағдайларда өз іс-қимылдарын бақылау және түзету дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Еңбек пәні, қарапайым үлгі міндеттерді орындау кезіндегі нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін құралдар мен тәсілдер туралы базалық білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
		<p>Дербестігі: бір үлгідегі жағдайларда және кәсіптік қызметтердің басшылық жасалатын күрделі</p>		

3	3	<p>жағдайларында дербес жұмыстарды жүзеге асыру, оқытуды өз бетінше ұйымдастыру.</p> <p>Жауапкершілігі: жұмыстардың орындалу нәтижесі, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы, механизм мен агрегаттарды жөндеу және оларға қызмет көрсету кезінде орта салмақты жұмыстардың орындалуы үшін.</p> <p>Күрделілігі: бір үлгідегі практикалық тапсырмаларды орындау; білім және практикалық тәжірибе негізінде әрекет ету тәсілін таңдай білу.</p>	<p>Стандартты практикалық тапсырмаларды орындайды, жоспарлау, қойылған міндеттерді орындау тәсілдерін таңдай білу, қызмет көрсетілетін жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, оны жөндеу жұмысына қатысу дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Еңбек пәнін өзгерту технологиялары, еңбек технологиялық процесс негіз жоспарлау мен ұйымдастыруды қолданылатын жабдықты құрылысы, жұмыс істеу қағидаттары, материалдар түрлері мен пайдаланылу маңызы туралы білім. Қауіпсіздік еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
4	4	<p>Дербестігі: бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: нормалардың іске асырылуы кезіндегі нәтиже, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы, механизм мен агрегаттарды жөндеу және оларға қызмет көрсету кезінде ауыр салмақты жұмыстардың орындалуы үшін.</p> <p>Күрделілігі: жұмыс жағдайын өз бетінше талдауды талап ететін әр түрлі үлгідегі практикалық міндеттерді шешу.</p>	<p>Алынған тапсырмаларды нақтылайды, бағыныштылардың міндеттерін белгілейді, қызметтерінің нәтижесін бағалайды, білім және дағдылардың жетіспеуін анықтайды, қызметкерлерді кәсіпқойлығын жоғарылатуға ынталандырады, технологиялық процесті жүргізуге қатысады.</p>	<p>Кәсіби міндеттерді белгілеу шешу амалдары, қағидат және тәсілдері, қарым-қатынас этикасы мен психологиясы, уәждемесі және еңбек ынталандыру тәсілдер технологиялық процесті негіздері, қолданылатын жабдықтың құрылысы, жұмыс істеу қағидаттары, материалдардың түрлері қолданылу мақсаты туралы білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
5	5	<p>Дербестігі: кәсіпорын қызметінің технологиялық процесс учаскесі мен стратегиясы шегіндегі басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: өз еңбегін бағалау және жетілдіру, өзі оқу және басқаларды оқыту, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының</p>	<p>Тапсырысты түсіну, жағдайды және өзінің іс-қимылдарын талдау, шешім қабылдау және оларды іске асыруға жағдай жасау, командалық жұмыс, басқарушылық және орындаушылық кәсіпқойлықты жоғарылату тұрғысынан қызметті</p>	<p>Кәсіби жағдайларды жүйелі талдау және жобалау әдіснамасын басқарушылық шешімде қабылдау тәсілдері, ұжымдық құрылым, технологиялық процесті пайдаланылатын материалдар қасиеттері туралы білім.</p>

		<p>орындалуы, өндірістік және технологиялық процестердің орындалуы үшін жауапкершілігі.</p> <p>Күрделілігі: әр түрлі өзгермелі жұмыс жағдайында шешім табу тәсілдерін тандап алу негізінде практикалық міндеттерді шешу.</p>	<p>бақылау және түзету, қызмет көрсетілетін жабдықтың жай-күйін және материалдарды, құрал-сайманды, қорғану құралдарын ұтымды пайдалану дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Қолданылатын жабдықты құрылысы мен пайдалану қағидалары. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
6	6	<p>Дербестігі: жұмыстар жөнінде басқа учаскелермен келісім жасауды болжайтын, кәсіпорын қызметтерінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыруға жауапкершілігі.</p> <p>Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерінің әр түрлілігін болжайтын міндеттерді шешуге бағытталған қызметтер</p>	<p>Белгісіздігі жоғары әлеуметтік және кәсіби жағдайларда жобалау және шешім қабылдау, өзін-өзі басқару мәдениеті, коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарастарды келісу, нәтижелерді ресімдеу және олармен таныстыру, қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды пайдалану дағдыларын көрсетеді, жабдықты дайындау мен жүктеуді басқару, жабдықтың жай-күйін және шикізат пен материалдардың ұтымды пайдаланылуын, электр энергиясының шығындалуын бақылау дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Әлеуметтік және кәсіби күш жағдайларда бірлесіп талдау жобалау және шешім қабылдау мақсаты, коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарастарды келісу талдамалық және жобалау мақсаты ретінде таныстыру тәсілдері технологиялық процестерді материалдардың қасиеттері қолданылу мақсаттары, жауапкершілігінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері, мемлекет стандарттары туралы білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
7	7	<p>Дербестігі: сала құрылымын жұмыс істетуге және дамыту стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыруға жауапкершілігі.</p> <p>Күрделілігі: даму мәселелерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді қолдануды көздейтін қызмет.</p>	<p>Міндет пен проблемаларды қою, инновациялық тәсілдерді, тұжырымдама жасау және қызмет стратегиясы әдістерін қолдана отырып, оларды жүйелі түрде шешу дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>Тұжырымдаманы, стратегиялық қызметтің функционалдық модельдерін құру мақсатында кадрларды даярлау саласын акмеологиялық әдістерді қолданып, міндеттер мен проблемаларды қою мен жүйелі түрде шешу тәсілдері туралы білім. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
8	8	<p>Дербестігі: мемлекеттік ауқымдағы саланың ірі институционалдық құрылымдарына жұмыс істетуге және дамыту стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі</p>	<p>Жүйелік және стратегиялық ойлауды, логикалық әдістерді, кәсіби қызмет пен өзара іс-қимылдың модельдерін құру мен</p>	<p>Қызметтің және өзара іс-қимылдың кооператив жүйелерін құру, макроәлеуметтік және макроэкономикалық жүйелерді үлгілеу және басқару</p>

	<p>мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау, әзірлеу және оның нәтижелері.</p> <p>Күрделілігі: даму мәселелерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді қолдануды көздейтін қызмет қызметтер.</p>	<p>орындау әдістерін қолдана отырып, өзара тиімді шешімдерді қабылдау дағдыларын көрсетеді.</p>	<p>әдіснамасы туралы білім.</p> <p>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды білу.</p>
--	--	---	--

«Металлургия»

саласындағы

салалық

біліктілік

шеңберіне

2-қосымша

Біліктілікке қол жеткізу көрсеткіші

Біліктілік деңгейі	Тиісті деңгейдегі біліктілікке қол жеткізу жолдары
1	Практикалық тәжірибе және/немесе жұмыс орнында қысқа мерзімді оқыту (нұсқау) және/не бастауыштан кем емес орта білімі болған кезде қысқа мерзімді курстар.
2	Практикалық тәжірибе және/немесе негізгі орта білімнен кем емес жалпы орта білімі болған кезде даярлау (білім беру мекемесі негізінде қысқа мерзімді курстар немесе корпоративті білім беру) немесе ересектерді қайта даярлау.
3	Практикалық тәжірибе және/немесе жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техника және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе корпоративті оқыту).
4	Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық) және практикалық тәжірибе.
5	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе, не жоғары білім.
6	Жоғары білім, практикалық тәжірибе.
7	Жоғары білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім, практикалық тәжірибе.
8	Жоғары білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім, практикалық тәжірибе. Осы біліктілік деңгейінде жоғары білім «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Заңында белгіленген шілдедегі Заңы қабылданғанға дейін алынған жоғары білімді, сондай-ақ осы заңда белгіленген деңгейіне сәйкес айқындалған жоғары білімнен кейінгі білімді қамтиды.